

**Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар аудандық мәслихатының 2020 жылғы 6 қаңтардағы № 49/18 "2020-2022 жылдарға арналған Қызылжар ауданының Прибрежный ауылдық округінің бюджетін бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар аудандық мәслихатының 2020 жылғы 12 қарашадағы № 58/18 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 16 қарашада № 6657 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 106, 109-1-баптарына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңы 6-бабының 2-7-тармағына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысының Қызылжар аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар аудандық мәслихатының 2020 жылғы 6 қаңтардағы № 49/18 "2020-2022 жылдарға арналған Қызылжар ауданының Прибрежный ауылдық округінің бюджетін бекіту туралы" шешіміне (2020 жылғы 20 қаңтарда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкіне жарияланған, нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5876 болып тіркелді) келесі өзгерістер енгізілсін:

1 - тармақ жаңа редакцияда баяндалсын:

"1. 2020-2022 жылдарға арналған Қызылжар ауданының Прибрежный ауылдық округінің бюджеті осы шешімге тиісінше 1, 2 және 3-қосымшаларға сәйкес, соның ішінде 2020 жылға мынадай көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер – 136 753,9 мың теңге:

салықтық түсімдер – 7 565,7 мың теңге;

салықтық емес түсімдер – 3,3 мың теңге;

негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 0 мың теңге;

трансферттер түсімі – 129 184,9 мың теңге;

2) шығындар – 138 194 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредиттеу – 221 323,2 мың теңге:

бюджеттік кредиттер – 221 323,2 мың теңге;

бюджеттік кредиттерді өтеу - 0 мың теңге;

4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо - 0 мың теңге:

қаржы активтерін сатып алу - 0 мың теңге;

мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер - 0 мың теңге;

5) бюджет тапшылығы (профициті) – - 222 763,3 мың теңге;

б) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 222 763,3 мың теңге:

қарыздар түсімі – 221 323,2 мың теңге;

қарыздарды өтеу – 0 мың теңге;

бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары – 1 440,1 мың теңге.";

көрсетілген шешімнің 1 қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда баяндалсын.

2. Осы шешім 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар аудандық  
мәслихатының сессия төрағасы

А.Шушамоин

Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар аудандық  
мәслихатының хатшысы

А.Молдахметова

Солтүстік Қазақстан облысы  
Қызылжар аудандық мәслихатының  
2020 жылғы 12 қарашасы  
№ 58/18 шешіміне  
қосымша  
Солтүстік Қазақстан облысы  
Қызылжар аудандық мәслихатының  
2020 жылғы 6 қаңтардағы  
№ 49/18 шешіміне  
1 қосымша

## 2020 жылға арналған Қызылжар ауданының Прибрежный ауылдық округінің бюджеті

Санаты			Атауы	Сомасы , мың теңге
Сыныбы				
		Кіші сыныбы		
1	2	3	4	5
			1) Кірістер	1 36 753,9
1			Салықтық түсімдер	7 565,7
	01		Табыс салығы	2 629
		2	Жеке табыс салығы	2 629
	04		Меншікке салынатын салықтар	4 936,7
		1	Мүлікке салынатын салықтар	105
		3	Жер салығы	741
		4	Көлік құралдарына салынатын салық	4 090,7
2			Салықтық емес түсімдер	3,3
	01		Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	3,3
		5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	3,3
3			Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	0

4			Трансферттердің түсімдері	129 184,9
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	129 184,9
		3	Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер	129 184,9
Функционалдық топ			Атауы	Сомасы, мың теңге
	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі			
	Бағдарлама			
1	2	3	4	5
			2) Шығындар	138 194
01			Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	15 670
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	15 670
		001	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	15 670
07			Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	116 423
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	116 423
		014	Елді мекендерді сумен жабдықтауды ұйымдастыру	0
		008	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	111 223
		009	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	3 500
		011	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	1 700
12			Көлік және коммуникация	3 101
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	3 101
		013	Аудандық маңызы бар қалаларда, ауылдарда, кенттерде, ауылдық округтерде автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	3 101
13			Басқалар	3 000
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	3 000
		040	Өңірлерді дамытудың 2025 жылға дейінгі мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде өңірлерді экономикалық дамытуға жәрдемдесу бойынша шараларды іске асыруға ауылдық елді мекендерді жайластыруды шешуге арналған іс-шараларды іске асыру	3 000
			3) Таза бюджеттік кредиттеу	221 323,2
			Бюджеттік кредиттер	221 323,2
07			Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	23 050
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	23 050
		014	Организация водоснабжения населенных пунктов	5 050
		011	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	18 000
12			Көлік және коммуникация	198 273,2
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	198 273,2

	013	Аудандық маңызы бар қалаларда, ауылдарда, кенттерде, ауылдық округтерде автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	198 273,2
Санаты		Атауы	Сомасы , мың теңге
	Сыныбы		
	Кіші сыныбы		
5		Бюджеттік кредиттерді өтеу	0
		4) Қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо	0
		Қаржы активтерін сатып алу	0
6		Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер	0
		5) Бюджет тапшылығы (профициті)	-222 763,3
		6) Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)	222 763,3
7		Қарыздар түсімдері	221 323,2
		Мемлекеттік ішкі қарыздар	221 323,2
		Қарыз алу келісім-шарттары	221 323,2
Функционалдық топ		Атауы	Сомасы , мың теңге
	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі		
	Бағдарлама		
16		Қарыздарды өтеу	0
Санаты		Атауы	Сомасы , мың теңге
	Сыныбы		
	Кіші сыныбы		
8		Бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары	1 440,1
	01	Бюджет қаражаты қалдықтары	1 440,1
	1	Бюджет қаражатының бос қалдықтары	1 440,1